№	Бақылау тиқырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Әдістеме	Орндалу мерімі	Жауапты	Қарау орны	Басқару шешімі	Екінші бақылау
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
МАМЫР										
I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау										
1	Оқушылардың қолтаңбасын бақылау	Іс қағаздарын жасау	Құжаттарды дайындау	Тақырыптық	Жоспар бойынша	25.05.2024	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Откілбаева	ДЖК №9	Тұйрық	Мамыр 2024г.
2	Емтөханға жіберу, оқушыларды басату және келесі сыныпқа ауыстыру туралы	4, 11 сыныптар	Оқушылар емтөханға қабылдау, оқушылар келесі сынып ауыстыру ұйымдастыру	Тақырыптық	Оқушылардың емтөхандерін нақтылау, алдыңғы ұлгерімін тексеру	25.05.2024	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Откілбаева	Педагогикалық № 7		
II. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау										
1	Зияткерлік тәжірибелерін жағдайының талапқа сәйкес жүргізілуі туралы тексеру	Зияткерлік тәжірибелерін қалыптастыру саласы талаптарын сақтау	I-11 сыныптар	Жеке	Браузер және комиссияның бақылауы	Күнделікті	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Откілбаева	ДЖК №9	Талаптар бойынша мониторинг жасау	
2	Электронды журналдың дұрыстығын тексеру	Тексеру және қалыптастырушы бағалау әдісі, саудагерлік жүргізілуін ауыстыру	Педагогикалық ұйым	Тақырыптық	Журналды тексеру	25-30.05.2024	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Откілбаева	ДЖК №9	Анықтама	Апта сайын
3	Пән мұғалімдері мен сынып	Білім сапасының мониторингін құрастыру	Педагогикалық ұйым	Тақырыптық	Есеп беру формаларын тексеру	20-29.05.2024	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Педагогикалық №6	Есептер	Төмен бойынша

	жетекшілерінің II жартыжылдық қорытындысы бойынша есептері						Ж.Өткілбаева ӘБ жетекшілері індегі орынбасары			рет
III. Оқу процесінің сапасын бақылау										
1.	Екінші жартыжылдықта оқу үлгерімінің және жылдық қорытындысы	Білім сапасының мониторингін құрастыру	Педагогикалық ұғым	Жыл сайынғы орындалу	Тақырыптық	30.0 5.20 24	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Өткілбаева	Педагог.өс.№6		
IV. Білімдегі елқалықтардың орнын толтыру бойынша жұмысты және үлгеріні төмен адамдармен жұмысты бақылау										
1	Елқалықтардың жоғары жұмыстарын қорытындылау.	Мотивациясы төмен оқушылардың үлгерімінің нәтижелері	2-1 Іс-шаралар	Тақырыптық	Ағымдық бақылауды жүзеге асыру	Ай бойы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Өткілбаева	Педагог.өс.№6	Анықтама	
V. Оқу-зерттеу қыметі										
1	Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс қорытындысы	Дарынды балалардың оңтайлы дамуы мен табысты болуына қолайлы жағдайлар жасау	1-1 Іс-шаралар	Тақырыптық	Ағымдық бақылауды жүзеге асыру	мамыр	Дарын жетекшісі Ж.Өткілбаева	ДЖК №9	Олимпиада нәтижелері	Мамыр 2023ж
VI Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау										
1	Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесімен бөлісу	Мұғалімдер тәжірибесімен бөлісу	Мұғалімдер жұмысы, жетістіктері	Тақырыптық бақылау	Ішінара бақылау	Қазан		ӘК		
2.	Мұғалімдердің шеберлігін арттыру	Мұғалімдердің шеберлігін арттыру	Семинар	Әкімшілік	Қатысу	II жартыжылдық	Мектеп әкімшілігі	ӘК		

VII. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларын өткізуі бақылау

1	Тәрбие жұмысы бойынша класс жетекшілер есебі	Класс жетекшінің тәрбие жұмысы бойынша жылдық есебін талдау	Тәрбие жұмысының дүрыс жүргізілуі	Тақырыптық	Есеп	Мамыр	ДТЖ жөніндегі орынбасары Ж.Отарова Класс жетекшілер	ӨЖ	Қорытындылар мен ұсыныстар мен анықтама
2	Жазғы демалысты және сауықтыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспары	Мектептің жазғы ойын алаңының қызметін талдау	Жазғы демалыс пен демалысты ұйымдастырудағы педагогикалық ұжымның қызметі	Жеке	Жоспар	Мамыр	Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Ж.Отарова	ӨЖ	Қорытындылар мен ұсыныстар мен анықтама

VIII. Материалдық-техникалық базаның нығайтуын бақылау

1.	Жазғы демалысқа дайындық	Қауіпсіздік техникасына қарсы жаңа демалыс кезіндегі шаралар өткізу	1-І Шешімдер, педжым	Тақырыптық	Өлшемделу, сынып сағаттарын өткізу	20-25.0 5.20 23	Директордың тәрбиесі жөніндегі орынбасары Ж.Отарова, сынып жетекшілері	ДЖК №9	Жоспар
2.	Мектептің ағымдағы жөндеуге дайындалу	Жөндеу жұмыстарын өткізу	Директор	Жоспар бойынша	Құрағтаманы дайындау	Мамыр	Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Нұрши Б	ДЖК №9	Жөндеу құжаттары актілер

Оқу ісін мектеп директоры: 
Тәрбие ісін мектеп директоры: 

Ж.Отарова
Ж.Отарова

**Қона орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласындағы
мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА**

Тексеру күні: 27-қазан 2023 жыл

Тексеру орны: Қона орта мектебі КММ

Тексеру мақсаты: Мектеп оқушыларының сабаққа қатысымын қадағалау,
себепсіз келмеген оқушыларды анықтау

Міндеттері: Оқушылардың сабаққа қатысымын үнемі бақылауда ұстау;

Мектептің ішкі тәртіп ережесін түсіндіру.

Қона орта мектебі КММ-де биылғы жаңа 2023-2024 оқу жылының қазан айында барлығы 169 оқушы болды. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымын мектеп тәлімгері Ә.Жетпіс тексеріп, оқушыларды тіркеу журналына жазып жүреді.

Қазан айында мектеп оқушыларының ішінде себепсіз сабаққа келмейтін оқушы анықталған жоқ. Барлық оқушылар уақытында сабаққа қатысып келеді. Арасында денсаулығына байланысты бір-екі күн және бір апта бойы сабақ жіберген оқушылар болды. Олар ауылдық медициналық пунктке тіркеліп, сабақ жіберген күндеріне анықтама алып келді.

Мектептің "Bilimclass" электрондық порталына оқушылардың сабаққа қатысымын пән мұғалімдері де тіркеп отырады. Сабаққа келмей қалған оқушыға сынып жетекшілері дереу хабарласып, себебін анықтау жұмысы жүргізіледі. Жалпы қазан айында I ауысым бойынша себепсіз сабақ жіберген оқушы анықталған жоқ. Оқушылардың сабаққа қатысымы бойынша және сабақ жіберген тиісті құжаттары жинақталды. (анықтамалары, ата-ана қолхаттары)

Үсыныс: Сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысымын қатаң түрде және жүйелі түрде тексеру тапсырылады.

Мектеп директоры:  А.К.Есболаев

Анықтама дайындаған: тәрбие іс орысбасары — Ж.Б.Отарова

**Қопа орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие
саласындағы мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА**

Тексеру күні: 18-қыркүйек 2023 жыл

Тексеру орны: Қопа орта мектебі КММ

Тексеру мақсаты: Мектеппен отбасының әрекеттестігін бақылау және сынып жетекшілерінің жұмысын зерделеу.

Міндеттері: Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын жандандыру; Мектеппен ата-ананың байланысын нығайту; Ата-анамен мектеп бірлесіп, балаларға қолдау көрсету.

Қопа орта мектебі КММ-де биылғы оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19-қыркүйектегі №294 бұйрығы негізінде “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” енгізілді. Сол сияқты мектептің 2023 жылғы 4-қыркүйектегі №100 бұйрығы негізінде және “Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты” КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15-тамыздағы №4 хаттамасы негізінде “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” құрылды.

Негізгі мақсат, балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Міндеті, мектеппен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту; отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру. Аталған орталық аясында “Даналық мектебі” клубы құрылды. “Ата өсиеті”, “Әже даналығы”, “Аға қамқорлығы”, “Жеңге кеңесі” клубтары жұмыс жасайды. “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының” жұмыс жоспары мен ата-аналарға арналған сабақ кестесі құрылып бекітілді. Оқушылардың жас ершеліктеріне байланысты 1-4 сынып, 5-9 сынып және 10-11 сыныптарға сабақ кестелері құрылды. Уақытында ата-аналар келіп, сабақтарына қатысып, көтерілген мәселелерді талқылайды. Орталыққа арнайы кабинет ашылды.

Бағдарлама негізінде берілген тақырыптар бойынша оқытушылар өз шеберлік қабілеттерінің арқасында ата-аналармен сабақты қызықты өткізіп келеді. Бірақ ата-аналардың қатысымы төмендеу. Қазіргі уақытта қатысым жайлап қалыпқа түсіп келеді.

“Даналық мектебі” клубының жұмысында қоса жүріп отырады. Ата - аналар мектепке келіп, оқушылармен кездесіп, тақырып бойынша ақыл-кеңестерін айтады. Сынып жетекшілері оқушылармен ата-аналарды сабаққа қатысым бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

Ұсыныс: Мектеппен отбасының байланысын нығайту және сынып жетекшілерінің жұмысы жан-жақты жүргізілетін.

Мектеп директоры:  **А.К.Есболаев**

Анықтаманы дайындаған: тәрбие ісі орынбасары –Ж.Б.Отарова

Қона орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие
саласындағы мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА

Мақсаты: Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстарын
ұйымдастырылуын бақылау

Мерзімі: 17 қараша 2023 жыл

Тексерілген: 1-4 сыныптар

Тексеруде басшылыққа алынған критерийлер

1. Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың санын анықтау.
2. Аспазшының құжатын, формасын тексеру
3. Брокераж комиссиясының құрылуы. Бұйрықтың шығарылуы.
4. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтылу кезіндегі ыдыс-аяқтың жеткілікті болуы.
5. Оқушылардың ас мәзірін тексеру.
6. Оқушылардың ыстық тамақ ішу уақыты мен тәртібінің қадағалануы.

Тексеру барысында анықталды: Мектебімізде 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылған. Барлық оқушы саны -58. 5-9 сыныптар арасында ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны 43. Бір аспазшы жұмыс жасайды. Медициналық тексеруден өткен. Аспазшылық формасы бар. Брокераждық комиссиясы құрылған. Бұйрық шығарылған. Әр аптаға ас мәзірі құрылып, бекітілген. Оқушылардың ыстық тамақ ішу уақыты белгіленген. Тамақ ішу кезінде әлеуметтік педагог оқушылардың қасында болып, тәртібін қадағалап отырады.

Ұсыныс: Асханада жетіспеген ыдыс-аяқтары толықтырылсын.

Мектеп директоры:  **А.К. Есболаев**

Анықтама дайындаған: тәрбие ісі орынбасары – **Ж.Б.Отарова**

**Қона орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласындағы
мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА**

Тексеру күні: 28 тамыз 2023 жыл

Тексеру орны: Қона орта мектебі КММ

Тексеру мақсаты: Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспарының талапқа сай құрылуын, құрылымын және өзектілігіне зерделеу және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері: Нормативтік құқықтық құжаттардың сақталуы;
Жоспардың жүйелілігіне көңіл бөлу.

Қона орта мектебі КММ-нің сынып жетекшілері биылғы 2023-2024 оқу жылының басында анықталып, мектеп басшысының 27.08.2023 жылғы №67 бұйрығымен бекітілген. Сынып жетекшілерінің Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің “Біртұтас тәрбие бағдарламасын” бекіту туралы 2023 жылғы 19-қыркүйектегі № 294 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 20-қыркүйектегі № 398 бұйрығы, Байғанин аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 29-қыркүйектегі №796 бұйрығы, Қона орта мектебінің 2023 жылғы 29-қыркүйектегі № 114 бұйрығы негізінде үш құндылық бойынша тәрбие жұмысының жылдық және айлық жұмыс жоспары жасақталған.

2023-2024 оқу жылындағы сынып жетекшілері:

1-сынып жетекшісі – Ж.Утесова

2-сынып жетекшісі – Ж.Сарина

3-сынып жетекшісі – Ж.Өтегенова

4-сынып жетекшісі – Ү.Қожбанова

5-сынып жетекшісі – Ә.Боранбаев

6-сынып жетекшісі – Ә.Жетпіс

7-сынып жетекшісі – А.Дәулеткерей

8-сынып жетекшісі – Г.Сабырова

9-сынып жетекшісі – К.Есболай

10-сынып жетекшісі – К.Қожбанова

11-сынып жетекшісі – Г.Кемелханқызы

Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыс жоспарлары сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралып, хаттамасы жазылған. Сынып жетекшілерінің жоспары негізінде атқарылатын жұмыстардың мақсат-міндеттері мен күтілетін нәтижелері қаралды. Тәрбиенің айлық жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған және қосымша мемлекеттік бағдарламаларының орындалуы жақсы жолға қойылған. Мақсаттары анық, міндеттері айқын.

Ұсыныс: Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарлары бойынша жұмыс жан-жақты және жүйелі түрде жандандырылсын. Сонымен қатар оны бақылап, қадағалау сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Ж.Өтегеноваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  А.К.Есболаев

Анықтаманы дайындаған: тәрбие ісі орынбасары – Ж.Б.Отарова

**Қона орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие
салаасындағы мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА**

Тексеру күні: 11 қыркүйек 2023 жыл

Тексеру орны: Қона орта мектебі КММ

Тексеру мақсаты: Жекелеген санаттағы және 1-4 сынып оқушыларының тегін ыстық тамақтандыру жұмысын бақылау.

Міндеттері: Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамту жұмыстарының жүргізілуін қадағалау, тиісті құжаттарды зерделеу

Қона орта мектебі КММ-де биылғы жаңа 2023-2024 оқу жылының ІІ жарты жылдығында мектеп бойынша 169 оқушы, оның ішінде ыстық тамақпен қамтылғаны 101 оқушы. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 58 болса, 5-9 сынып оқушыларының саны 43 құрайды. Аталған оқушылардың тиісті құжаттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24-сәуірдегі №158 бұйрығы (2022 жылдың 21-ақпандағы № 55 бұйрығымен өзгерістер енгізілді) негізінде жинақталған. Ата-аналардан аталған бұйырық негізінде өтініштер толтырылған. Сонымен қатар, дәлелдеме құжаттары салынған. V санатқа жататын отбасыларының алқалы органдарымен анықталған отбасы хаттамалары бар.

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру Қона орта мектебінің 2023 жылғы 31 тамыз №83 бұйрығын басшылыққа ала отырып мектепшілік бұйрық шығарылды. Ақтобе облысы білім басқармасының 2024 жылғы 5-қаңтармен бекітілген 2 апталық ас мәзірі негізінде оқушыларға тамақтандыру жұмысы жүргізіліп келеді. Әр балаға 603 теңге көлемінде ыстық тамаққа бөлінген. Облыстан берілген ас мәзірі негізінде күнделікті ас мәзірі жасалып, оқушыларға тамақтандыру жұмысы жүргізіліп келеді.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Оқушылардың ыстық тамаққа баруы 3 уақытта ұйымдастырылды. Мысалы:

I ауысым

1-3 сынып оқушылар үшін – 09.35 – 09.45

5-9 сынып оқушылары үшін – 11.35 – 11.50

II ауысым

2,4 сынып оқушылары үшін – 15.35 – 15.50

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың тамақтануына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектеп әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама алды. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның тазалығы, асхананың ішінде тым салынған заттардың сатылымына шықпауы және асхананың жалпы жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (тареланың тазалық формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Барлық тамақтану процесі мектептің бұйрығымен жоспарланған бақылауында.

Ұсыныс: Мектеп асханасының санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес алып беріле.

Мектеп директоры: А.К.Есболаев

Әлеуметтік педагог: Ж.С.Бисалиева

Анықтама дайындаған: тәрбие ісі орындаушысы – Ж.Б.Отарова

**Қона орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласындағы
мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА**

Мақсаты: оқушылардың оқулықпен қамтылуын анықтау

Мерзімі: 28 тамыз 2023 жыл

Тексерілген: 1-11 сыныптар

Тексеруде басшылыққа алынған критерийлер

1. Барлық сыныпқа оқулықтардың уақытында таратылып берілуі.
2. Барлық сыныпқа оқулықтардың жетісуін қамтамасыз етілуі
3. Оқулықтардың кітаптарының тазалығын қадағалау.

Тексеру барысында анықталды: Барлық сыныпқа уақытында оқулықтар таратылып берілген. Барлық сыныпқа оқулықтар жеткілікті.

№	Класс	Класс жетекшінің аты-жөні	Барлық оқушы Саны	Барлық пәндердің таратылуы	Барлық сыныпқа оқулықтардың жетісуін қамтамасыз етілуі	Оқулықтардың кітаптарының тазалығын қадағалау.
1	1	Утесова Ж	20	+	+	+
2	2	Сарина Ж	19	+	+	+
3	3	Өтегенова Ж	23	+	+	+
4	4	Қожбанова Ү	20	+	+	+
5	5	Боранбаев Ә	15	+	+	+
6	6	Жетпіс Ә	15	+	+	+
7	7	Дәулеткерей А	14	+	+	+
8	8	Сабырова Г	14	+	+	+
9	9	Есболай К	12	+	+	+
10	10	Қожбанова К	7	+	+	+
11	11	Кемелханқызы Г	8	+	+	+

Мектеп директоры:

А.К.Есболаев

Мектеп кітапханашысы м.ғ.ғ.:

Бейбіт Г

Анықтама дайындаған: тәрбие ісі орынбасары – Ж.Б.Отарова



Қона орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласындағы мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі АНЫҚТАМА

Тексеру күні: 31 тамыз 2023 жыл

Тексеру орны: Қона орта мектебі КММ

Тексеру мақсаты: Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі жұмысының ұйымдастырылуын зерделеу

Міндеттері: Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысын бақылау, сынып жетекшілермен жұмысты қадағалау

Қона орта мектебі КММ-де биылғы жаңа 2023-2024 оқу жылының басында мектептің сынып жетекшілерді тағайындау және әдістемелік бірлестіктің құрылуы туралы бұйрық шығарылған. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жоспары бекітілген. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі, 3-сынып жетекшісі Ж.Өтегенова тағайындалған.

Құжаттар топтамасында бұйрық, жоспары бар. Оқу жылы бойына жасалып келе жатқан жұмыстары, отырыстары және ондағы шығарылған шешімдері талапқа сай. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі жетекшісіне ақы төленбейді. Қоғамдық жұмыс ретінде аткарып келеді.

Сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарлары оқу жылының басында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19-қыркүйектегі № 294 “Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасын” бекіту туралы бұйрығы негізінде құрылып бекітілген. Аталған бұйрық негізінде мектептің тәрбие жұмысының кешенді жоспары құрылған. Осы кешенді тәрбие жоспарынан сынып жетекшілерінің айлық тәрбие жұмысы құрылған. Тақырыптары анық, мақсаттары айқын және жұмыс жасауға толық мүмкіндік бар екені анықталды. Сынып жетекшілері оқу жылының басынан қазіргі таңда да жұмыс жасап келеді.

Сонымен қатар, мектептің сынып жетекшілері мектеп психологымен, мектеп тәрбие педагогымен, тәлімгермен, мектеп медбикесімен, кітапханашымен және ата-аналармен тығыз байланыста болып, жұмыс жасап келеді. Сынып жетекшілері мамандарға яғни, сынып жетекшілері бір-бірімен тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабақтарға қатынып келеді. Кез келген мәселені әр сынып жетекшісі өздерінің сыныбының ата-аналары комитетінің төрайымымен ақылдасып, шешіп отырады.

Ұсыныс: Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысы жандандырылсын.

Мектеп директоры:  А.К.Есболаев

Анықтама дайындаған: тәрбие ісі орынбасары – Ж.Б.Отарова



**Қопа орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласындағы
мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА**

Тексеру күні: 29-ақпан 2024 жыл

Тексеру орны: Қопа орта мектебі КММ

Тексеру мақсаты: Мектеп оқушыларының сабаққа қатысымын қадағалау, себепсіз келмеген оқушыларды анықтау

Міндеттері: Оқушылардың сабаққа қатысымын үнемі бақылауда ұстау;
Мектептің ішкі тәртіп ережесін түсіндіру.

Қопа орта мектебі КММ-де биылғы жаңа 2023-2024 оқу жылының қаңтар айында, яғни ІІ жарты жылдықта мектеп бойынша 169 оқушы болды. Ақпан айында оқушылардың сабаққа қатысымы туралы әлеуметтік педагог Ж.С.Бисалиева түгендейді, сынып жетекшілері оқушылардың сабақ жіберген себептерін анықтайды. Ақпан айының 7-8 және 16 күндері ауа-райына байланысты ауа температурасының күрт төмендеуіне орай сабақ онлайн форматта өтті. Оқушылар арасында түрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысуына да байланысты сабақта болмай қалған оқушыларда бар.

Мектептің "Bilimclass" электрондық порталына оқушылардың сабаққа қатысымын пән мұғалімдері де тіркеп отырады. Сабаққа келмей қалған оқушыға сынып жетекшілері дереу хабарласып, себебін анықтау жұмысы жүргізіледі. Жалпы ақпан айында І ауысым бойынша себепсіз сабақ жіберген оқушы анықталған жоқ. ІІ ауысым бойынша да себепсіз сабақ жіберген оқушылар анықталған жоқ.

Оқушылардың сабаққа қатысымы бойынша және сабақ жіберген тиісті құжаттары жинақталды. (анықтамалары, ата-ана қолхаттары)

Ұсыныс: Сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысымын қатаң түрде және жүйелі түрде тексеру тапсырылады.

Мектеп директоры:

А.Қ.Есболаев

Анықтама дайындаған: тәрбие іс-шараларының басқарушысы – Ж.Б.Отарова



Қона орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие
саласындағы мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Оқушылардың діни көзқарастарын бақылау.

Мақсаты: Діни көзқарастағы оқушылар мен отбасыларды анықтау.

Мерзімі: 23 қаңтар 2024 жыл

Тексерілген: 1-11 оқушылары

Тексеруде басшылыққа алынған критерийлер.

1. Діни көзқарастағы оқушыларды анықтау
2. Сауалнаманың жүргізілуі
3. Діни бағаттағы түсіндіру жұмыстардың жүргізілуі

Бақылау қорытындысы: Мектебімізде 169 оқушы бар. Оның 85 қыз бала, 84 ұл бала. Сабактан себепсіз қалатын оқушы жоқ. Оқу жылы басында оқушылардың әлеуметтік жағдайлары анықталып, әлеуметтік паспорт жасақталды. Мектебімізде дін жолында жүрген отбасылар жоқ. Ешқандай оқушы оранбайды. Барлығы қалыпты. Оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сауалнамалар алынып, дін жолында жүрген оқушылар анықталған жоқ.

Мектеп директоры:



А.К. Губолаев

Анықтаманың бекітілген: тәрбие ісі орынбасары – **Ж.Б.Отарова**

Қона орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласындағы мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі АНЫҚТАМА

Тексеру күні: 13-қыркүйек 2023 жыл

Тексеру орны: Қона орта мектебі КММ

Тексеру мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік картасын немесе паспортын жасау, құжаттарын жинақтау және отбасыларының әлеуметтік жағдайын зерделеу

Міндеттері: Әдістемелік нұсқаулықтарды негізге ала отырып, әлеуметтік картасын жасау;

Нормативтік құжаттарды пайдалану;

Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының орындалуын зерделеу.

Қона орта мектебі КММ-де биылғы жаңа 2023-2024 оқу жылында жалпы мектеп бойынша 169 оқушы болса, соның барлығына әлеуметтік паспорт жасалған. Мектеп бойынша көп балалы отбасынан 35 оқушы, толық емес отбасынан 3 оқушы, өгей әкемен тұратын 5 оқушы, Аталған әр оқушының түрлі санаттағы құжаттары мемлекеттік қызмет көрсету саласының қағидалары бойынша тағайындалған. Мектепте ерекше білімді қажет ететін оқушыларға бақылау күшейтілген. Арнайы жұмыс жоспары жасакталып, сабаққа қатысымы және т.б. жағдайларына байланысты қадағалауға алынған. Дін жолында жүрген отбасыларынан шыққан оқушылар жоқ. Жалпы “Тәуекел” тобында 11 оқушы бар. Аталған оқушылар мектептегі үйірме, секция жұмыстарымен толық қамтылған. Мектепшілік іс-шараларға қатысымы белсендігі анықталды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмыстың алдын алу бойынша аудандық ішкі істер бөлімінде тізімде тұрған оқушы жоқ екені анықталды. Бірақ алдын алу жұмысы жақсы жолға қойылған. Жалпы мектеп бойынша оқушылар арасында себепсіз сабақ жіберетін оқушылар анықталған жоқ. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, панасыз қалған оқушылар жоқ екені анықталды.

Ұсыныс: Сынып жетекшілері әлеуметтік педагогқа тиісті құжаттарды уақытында беру тапсырылсын.

Мектеп директоры:

А.Ж.Есболаев

Әлеуметтік педагог м.у.а:

Г.Назарова

Анықтаманы дайындаған: тәрбие ісі орынбасары – Ж.Б.Отарова

Қопа орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласындағы
мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы жөніндегі
АНЫҚТАМА

Тексеру күні: 13-қараша 2023 жыл

Тексеру орны: Қопа орта мектебі КММ

Тексеру мақсаты: Ата-аналардың мектепшілік шараларға қатысымын бақылау

Міндеттері: Ата-аналардың мектеппен байланысын нығайту, мектепшілік іс-шараларға қатысымын арттыру

Қопа орта мектебі КММ-де жаңа оқу жылының алдында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Биылғы оқу жылының басында мектеп бойынша 169 оқушы жаңа оқу жылын бастады. Мектепшілік ата-аналар жиналысына осы көрсеткіштің 25-30 пайыз ата-ана қатысты. Бұл төмен көрсеткіш.

Мектептегі іс-шараларға жеке сынып бойынша жиналыстар болсын, басқада ата-анамен өткізетін іс-шаралар болсын оған қатысым жоғары. Мысалы, мектептегі алғашқы және соңғы қоңырау салтанатты жиынына, жаңа жыл мен наурыз мерекелерін тойлауда ата-аналардың қатысым белсенділігі артады. Сол сияқты, мектепшілік басқада іс-шараларға атап айтқанда, жеке сыныптармен өтетін шараларға қатысым әртүрлі.

Сондықтан биылғы оқу жылындағы өзгешілік мектеппен ата-ананың байланысын нығайту мақсатында, мектептің тәрбие жүйесіне “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” енгізілді. Мақсат, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойынша сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Міндеті, ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін кәдірлеуге тәрбиелеу; ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ақпараттан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қысқартып жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Жоғарыда аталған мақсат-міндеттерді негізге ала отырып, алдағы уақытта ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасау жоспары құрылды. Жұмыс сол жоспар негізінде жүзеге асырылып келеді. Қазіргі таңда ата-аналардың мектеппен байланысы бір жүйелікке келіп, жұмыс жүргізілуде. Мектепте ата-аналар түрлі іс-шараларға қатысып жүргенін көрген оқушыда жиналтылып, жауапкершілікті сезінеді.

Үсыныс: Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері ата-аналармен тығыз байланыста болуы керек

Мектеп директоры:  А.К.Есболаев

Анықтаманы дайындаған: тәрбие ісі орысбасары – Ж.Б.Отарова